

"Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 сәуірдегі № А-4/178 қаулысы

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26811 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Облыс әкімі

М.Ахметжанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2024 жылғы 19 сәуірдегі
№ А-4/178 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 8 ақпандағы
№ А-2/60 қаулысына
1-қосымша

Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта	жарты күн болатын топта
Қала	19 733	54 506 теңге	50 181 теңге	81 598 теңге	98 103 теңге	24 018 теңге
Ауыл	18 088	60 747 теңге	55 728 теңге	91 999 теңге	111 104 теңге	26 792 теңге
		Педагогтардың педагогикалық шеберлігінің біліктілігі болған жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша сенімгерлік				

		басқаруға берілген мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және бір оқушыға шаққандағы шығындардың орташа құны (теңге)		
		болу режимі 10,5 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта
Қала	1 493	56 571 теңге	81 598 теңге	98 103 теңге
Ауыл	153	63 329 теңге	91 999 теңге	111 104 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК